



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 8 маусым

Ұлттық Банктің басшысы Данияр Ақышев ЕАЭО елдері ықпалдасуының ұлттықтан жоғары және ұлттық әсері туралы айтып берді

Ықпалдасу процесі ЕАЭО елдерінің жалпы бүкіл өңіріне және сол сияқты жеке алынған жергілікті нарықтарына оң ықпал ететін әсер етулермен қоса жүреді. Атап айтқанда, жергілікті ұлттық деңгейде жақсару күтіледі. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Санкт-Петербургте өткен XXVII Халықаралық қаржы конгресінің «ЕАЭО бірыңғай қаржы нарығы: даму өлшемдері» атты дөңгелек үстел отырысында сөйлеген сөзінде айтып берді.

Ол ықпалдасуда жаңа технологиялардың және инвестициялардың, бәсекелестіктің болуға тиіс екенін, бірақ ең бастысы – бизнес пен халық үшін қаржылық қызметтер инклюзивті, қолжетімді және жеңіл алынуға тиіс екенін атап өтті. «Нәтижесінде, бұл инвестициялау үшін жинақ ақша мен мүмкіндіктердің, қаржы жүйесінің экономиканың дамуына үлесінің өсуіне, қаржылық қызметтер сапасының артуына алып келуге тиіс», - деп түсініктеме берді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы осы үрдістердің өзара байланысты болып табылатынын атап өтті. «Біз қаржы технологияларының белсенді енуі қаржы институттары шығасыларының төмендеуін қамтамасыз етеді, қаржылық қызметтердің одан әрі арзандауына мүмкіндік жасайды және олардың тұтынушылар үшін қолжетімділігін көтереді деп күтеміз», – деп түйіндеді Д. Ақышев.

Сонымен қатар, Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша қаржы нарықтарының кеңеюі синергетикалық әсер береді және заң, аудиторлық, бухгалтерлік, IT қызметтер сияқты ілеспе қызметтерге сұраныс пен ұсыныстың өсуіне алып келеді. Бұл жиынтығында білікті жұмыс күшіне сұранысты аттырады, ол бәсекелестікті арттыруды және білім беру саласындағы бағдарламаларды кеңейтуді талап етеді.

«Бұл ретте жалпы қаржы нарығын қалыптастырудың ғаламдық әсерін біз жеткілікті түрде тиімді және бәсекеге қабілетті, Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушы көпір ретінде болатын нарықты құрудан көреміз. Бұған ЕАЭО-ның географиялық тұрғыдан қолайлы орналасуы, логистикалық инфрақұрылымның болуы себепші болады, бұл ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығына батыс және сол сияқты шығыс елдер инвестицияларының әкелінуіне қолайлы болады», - деп қорытындылады Д. Ақышев.

Данияр Ақышев ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығын қалыптастырудың бірқатар негізгі бағыттары туралы айтып берді

ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығын қалыптастырудың бірқатар негізгі бағыттары туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Санкт-Петербургте өткен XXVII Халықаралық қаржы конгресінің «ЕАЭО бірыңғай қаржы нарығы: даму өлшемдері» атты дөңгелек үстел отырысында сөйлеген сөзінде айтып берді.

Ол ортақ қаржы нарығының өздігінен бөлек және статикалық күйде жұмыс істей алмайтындығын түсінудің қажеттігін атап өтті. «Біріншіден, ол экономикалық базиске,

біздің жағдайымызда, тауар нарықтары мен технологиялардың белсенді сыртқы экономикалық ықпалдасуына негізделеді. Екіншіден, делдалдық функцияны орындайды және сол себепті халық пен бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыру тиімділігі, қаржылық тұрақтылық және бәсекелестік, қаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғау қағидатына жауап беруге тиіс», - деді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы бүгінде ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығын сипаттайтын біртекті және қарапайым өлшемшарттар жиынтығының жоқ екендігін, алайда оны қалыптастырудың бірқатар негізгі бағыттарының бар екендігін атап өтті. «Мәселен, біздің пікіріміз бойынша, рәсімдерді барынша жеңілдету жолдары және қаржы нарықтарына өзара кіру талаптары бойынша қозғалу керек. Бұл өзара қатысуға сандық және сапалық шектеулердің күшін жоюды көздейді, бұл нәтижесінде ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығындағы тең бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етеді», - деп түсініктеме берді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы жергілікті нарықтарға кіру мәселелеріндегі қаржылық еркіндік қаржы жүйесінің осалдық факторын сипаттауға тиіс емес деп қосты. «Бұл түпмәтінде ортақ қаржы нарығы тиімділігінің маңызды талабы қаржы тұрақтылығын қолдау болып табылады, яғни қаржылық қызметтердің трансшекаралық ұсынысын қаржылық қызметтердің барлық саласын көрсетуге және бұл ретте өзінің міндеттемелері бойынша жауап беру үшін капиталдың, резервтер мен өтімділіктің жеткілікті мөлшеріне ие болуға қабілетті, сенімді және орнықты қаржы институттары жүзеге асыруға тиіс», - деп түйіндеді Д. Ақышев.

Д.Ақышев - Қаржы нарықтарының ықпалдасуы ЕАЭО кеңістігінде дұрыс жағдайлар жасалған кезде жоғары ықпалдасу әсерін туындатуға тиіс

Қазіргі кезде ұлттықтан жоғары органның функциялары мен өкілеттіктері талқылану үстінде, бірақ ЕАЭО елдерінің ұлттық қаржы нарықтары жаһандану сын-қатерлеріне ұшырайтындығын ескеру қажет. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Санкт-Петербуркте өткен XXVII Халықаралық қаржы конгресінің «ЕАЭО бірыңғай қаржы нарығы: даму өлшемдері» атты дөңгелек үстел отырысында сөйлеген сөзінде айтып берді.

Ол соңғы бірнеше жылда жаңа стандарттар – Базель 3, Солвенци 2 және басқа стандарттардың енгізілгендігін атап өтті. «Көптеген ұлттық реттеушілер оларды іске асыруға кірісті, бірақ бұл бірге қатар жүрмейтін үрдіс және тәсілдерде дивергенция болады. Сондықтан ортақ қаржы нарығында пруденциялық талаптардың бірыңғай ең төменгі стандарттары қолданыста болуға тиіс. Бұл талап, біздің пікірімізше, ЕАЭО қаржы нарықтарындағы трансшекаралық қызмет үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді» - деп түсініктеме берді Д.Ақышев.

Ол ортақ қаржы нарығының жұмыс істеуі қадағалау ақпаратына өзара қол жеткізу мақсатында реттеушілер арасында неғұрлым тығыз өзара іс-қимылды талап ететін болады деп қосты. «Бұл бағытта алғашқы маңызды қадам жасалды – 2014 жылы қол қойылған Қаржы нарықтарында капиталдың еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында қаржы саласында ақпарат, оның ішінде құпия ақпарат алмасу туралы келісім бүгінде ЕАЭО елдерінің реттеушілері арасында тиімді қадағалау практикасын жүргізу үшін қажетті ақпарат алмасуға мүмкіндік береді» - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышев қазіргі кезде қадағалау рәсімдерінің шетелдік бас ұйым елінің реттеушісі тарапынан да, еншілес құрылымы тарапынан да әртүрлі екенін және әсіресе

шоғырландырып қадағалау бөлігінде үйлестірілмегенін атап көрсетті. Бұл ұлттықтан жоғары органның міндеттеріне жатқызылуы мүмкін тағы да бір бағыт болып табылады.

«Одақ елдерінің биржалық нарықтары қазірдің өзінде өзара кірігуге дайын тұр, себебі биржалық ықпалдасуда реттеп теңестіру қажеттілігінсіз ырықты талаптармен рұқсат беру көзделген. Мәселен, қазіргі уақытта институтционалдық деңгейде брокерлер мен дилерлерге өзара рұқсат беру, бағалы қағаздарды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің биржаларына орналастыру және айналысқа шығару туралы пилоттық жобалар келісілуде», - деп сөзін түйіндеді Д.Ақышев.

Д.Ақышев сөз соңында дұрыс әрекет еткен жағдайда, халықаралық қаржылық қатынастарда өзге құқықтық реттеу өрісін құру емес, керісінше бәсекеге қабілеттілікті арттырып, ЕАЭО-ның қаржы нарығына толыққанды қатысуды қамтамасыз ету біздің ең үлкен мақсатымыз болғандықтан, ЕАЭО кеңістігіндегі қаржы нарықтарын ықпалдастыру түптеп келгенде жоғары интеграциялық нәтиже беруге тиіс екенін атап өтті. Сонымен қатар, ЕАЭО-ның ортақ қаржы нарығын құру мен дамыту жолында ЕАЭО елдерінің жергілікті нарықтарының бәсекелестігі орын алуы әбден мүмкін.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz